

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННІҢ ТУҒАНЫНА - 125 ЖЫЛ

Петропавлдан Алматыға тартылған темір жолы XX ғасырдың жиырма бесінші жылдары Сәкен СЕЙФУЛЛИН Халық комиссарлары Кеңесінің төрағасы болып тұрған кезде жоспарланып, Көкшетауға дейінгі бөлігі салынған болатын. 30-жылдары «Көкшетау-Қарағанды», «Қарағанды-Бертіс» бағытындағы жол толық іске қосылып, индустриясы жаңа өркендеп келе жатқан Қазақ ССР-нің экономикалық қантанына айналды. Оралдың металлургиялық зауыттарына Қарағандының көмірі, Балқаштың мысы, Орталықтан Қазақстанға керек құрал-жабдықтар, құрылыс материалдары, тағы да басқа халық шаруашылығы тауарлары тасымалданып, ел игілігіне қызмет етті. Индустриялық дамудың үлкен бір үлесі - қазақтың ғұлама ғалымы Қаныш СӘТБАЕВ ашқан Жезқазған қойнауының сапалы мысын Орталыққа жеткізу мақсаты алда тұрды.




Үлкен жоспардың осы талабын орындау барысында «Қарағанды-Бертіс» бағытының 855-ші шақырымынан Қарсақбайға 400 шақырым темір жол тартылды. Сөйтіп, көкектен басқа құсы жоқ, көкпектен басқа шебі жоқ ку медиен далаға тіршіліктің тамыры жүрді, ел еңсесі көтеріліп, кешегі мал баққан қазақ теміржолшы мамандықтарын алды, шахтер, металлург атанды. Бұл уақыт - 32-нің қанды қырғынынан қалған қазақтың бүйірі шығып, тоғайған көңілі толып көтерілген кезі. Өзі қол қойған жоспардың іске асқанына марқайған Сәкен «біздің ел енді де бір нәрсеге зәру болар ма екен?» деген екен. Онысы - сықырлаған егіз арбасын бұрқыраған от арбаға айырбастаған ел еш нәрсеге мұқтаж болмас деген сенім еді.

Теміржолдың күретауынан қапталдас бағытка, яғни, Жезқазғанға тартылған теміржол тармағының басы - 11-разъезд Сәкен Сейфулин есімінен аталған еді. Үлкендердің айтуы бойынша, қазіргі Жарық станциясы вокзалының маңдайша сылағының астында «Дәрия», «Ағадыр» станцияларындағыдай қазақшасы латын графикасымен жазылған Сәкен Сейфулин есімінің атауы сақталған. Ендеше, латынға көшіп, көш түзеп жатқан шағымызда станцияның алғашқы заңды атауын қайтарып, маңдайша сылағын ашсақ, елі үшін еңіреп, шыбын жаны құрбан болған Сәкендей арысымыздың аруағы разы болар еді деген ой тастайын, ағайын!

Бұл тұрғыда біз осыдан отыз жыл бұрын кезіндегі Успен орта мектебінің ұжымы «Экспресс» атты құрамында 25 оқушы бар экспедициялық топ құрып, жаяу 30 шақырым қашықтықты еңсеріп, Жарық станциясының іргесіне КазЦИК-тің 1936-шы жылғы қаулысының көшірмесін елді жиып, салтанатты түрде ілген едік. Сол тақта әлі де өз талабын сарғая күтіп тұр...

Успенде саяхатқа шығар алдында бейбіт шеру жасап, қол жиып, қағаз толтырған біз митингті Жарық станциясының басында жалғастырдық. Ел көп жиналып, үлкен ватман қағазымыз тілектес жұрттың қол қой

«Сәкен атын қайтарса?..»



юымен толды. Ол қағазды сол кезде Үкімет басында отырған Нұрсұлтан Назарбаевтың атына пошта арқылы жөнелткен едік. Бұл - 1990 жылдың 25 мамыры. Жоғарыдан, Нұрекеннен қолдау тапқан біздің бастамамыз сол кездегі Қарағанды теміржол бөлімін басқарып отырған Расстригинге ұнамай, жалған құжат жасап, іске асырмай тастаған еді.

Біздің ұсынымызға құлақ асқан облыс әкімдігі 2008 жылы станция емес, кент атауын Сәкенге берді. Бірақ, станция маңдайшасында «Жарық» деп жарқырап тұрғанда, кенттің Сәкен атауы қағаз жүзінде ғана қа

лып қойған жайы бар. Жөн сұрасақ ешкім де сәкендікпіз демейді, жарықтықпыз деуден танбайды, жарықтықтар.

Бұқара халық қолдауын Ескен Елубай ақынның өлеңімен дәлелге тартайық:

«Бұл станция - бұрын Сәкен атында

Құрметтеліп қойылған ат ақынға.

Көрініп тұр туған жері өзінің,

Алыс емес, Ор, Абасы - жақында.

Сол туралы баяндайтын ұрпаққа,

Вокзалына іліт қойған бір тақта

Ал, Сәкенге жазықсыздан атылған

Қажет пе осы, мәңгі солай тұрмақ па?

Қолдарында билік барда айта алса,

Әлі шешер мәселелер бар қанша,

Тілегі елдің, станция Жарыққа

Сәкен атын - бұрынғы атын қайтарса?..»

Әлі де кеш емес, рухани жаңғырып, Ұлы Даланың жеті қырын айқындап жатқан шақта 125 жылдың мерейтойы дөп келіп тұрған Сәкен бабамыздың аруағын құрметтеп, станция атауын Сәкен Сейфуллин етіп қайтарсақ, елдігіміздің бір қыры болары анық.

Ұсынысымызды облыс басшылығына құлаққағыс ретінде жария ететін, қолдау көрсетер ағайын «тізе қосар» деген үмітпен!

Файзолла НҮРЖАНОВ,
өлкетанушы.

ШЕТ ауданы.